

**«Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ»
КеАҚ Ғылыми кеңес отырысында
23.05.2025 ж. №11 хаттамамен
БЕКІТІЛДІ**

**Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің
докторантура білім беру бағдарламалары бойынша
сұхбаттасу бағдарламасы**

Сұхбаттасу – докторантураға түсу сынақтарының міндетті бөлігі. Ол «Эссе жазу», «Білім беру бағдарламалары тобының бейіні бойынша емтихан сұрақтарына жауаптар» блоктары бойынша қабылдау емтиханына дейін өткізіледі.

Сұхбаттасу мақсаты:

- ғылыми-зерттеу қызметіне барынша дайын үміткерлерді іріктеу.

Сұхбаттасу міндеттері:

- ғылыми-зерттеу қызметіне бейімділікті анықтау;
- ғылыми әлеует пен теориялық дайындық деңгейін анықтау;
- ғылыми зерттеудің болжамды тақырыбы бойынша білім деңгейін тексеру;
- үміткерлердің ғылыми мәдениеті мен білімділігінің жалпы деңгейін тексеру.

Өткізу формасы:

- сұхбаттасу бетпе-бет немесе қашықтан міндетті түрде бейнежазба пайдалану арқылы өткізіледі. Бейнежазба архивте кемінде үш жыл сақталады.
- сұхбаттасу хаттамамен рәсімделеді, емтихан комиссиясының төрағасы, мүшелері және хатшысы қол қояды.

Үміткер сұхбаттасудың бетпе-бет немесе қашықтан өту форматын таңдауға құқылы.

Сұхбаттасудың бағалау өлшемшарттары:

№	Өлшемшарттар	Дескрипторы	Балы
1.	Уәжділік	Таңдалған ББ бойынша докторантурада оқу және белгілі ЖОО-ға түсу уәжін дәлелдей алуы. Оқуды аяқтағаннан кейінгі кәсіби және жеке өсу перспективаларын пайымдауы.	1-5
2	Зерттеу құзіреттілігі	Белгілі пәндік саладағы ғылыми-зерттеу қызметі үшін қажетті зерттеу дағдылары мен тәжірибесін меңгеруі.	1-10
3.	Креативтілік	Бейстандартты ойлауы, мәселелерді, жағдаяттық тапсырмаларды шешуде шығармашылық және альтернативті тұрғыдан қарай алуы.	1-10

4.	Коммуникативтілік	Өз көзқарасын қысқаша, репрезентативті, логикалық, дәлелді түрде жеткізе білуі, түйіндеу және қорытынды жасай алуы.	1-5
Балдардың ең жоғары мөлшері			30

Сұхбаттасу кезіндегі сұрақтардың үлгісі:

- Сіз өзіңіздің болашақ зерттеу жұмысыңыздың жобасын таныстыра аласыз ба?
- Зерттеу үшін дәл осы тақырыпты таңдауыңыздың себебі не?
- Осы тақырыпта зерттеулер жүргізу елімізге, университетке не береді? Бұл несімен маңызды?
- Сіздің зерттеулеріңіз тиімді болады деп ойлайсыз ба? Олар қандай практикалық нәтижеге әкеледі?
- Сіз неліктен осы ғылыми жетекшіні таңдадыңыз? (мұндай таңдау болжанған жағдайда)
- Біздің университет сізге ғылыми-зерттеу жұмыстарыңызға қалай көмектесе алады?

Ұсыныс: Үміткер университеттің және/немесе ғылыми кеңесшінің ғылыми-зерттеу қызметі туралы өзінің хабардарлығын көрсетуі, сондай-ақ өзінің зерттеу жобасының идеясын қорғауы керек.

СҰХБАТТАСУ ПРОЦЕДУРАСЫН ӨТКІЗУ НҰСҚАУЛЫҒЫ

I. Жалпы ережелер

1. Сұхбаттасу басталар алдында емтихан комиссиясының хатшысы үміткерді комиссияға таныстырады, сұхбаттасудың басталғанын хабарлайды және бейнежазбаны қосады.
2. Үміткер жеке куәлігін камераға көрсетеді.
3. Сұхбаттасу ұзақтығы – 20 минут.
4. Сұхбаттасу балы – комиссия мүшелерінің барлық баллдарының арифметикалық орташа мәні болып табылады.
5. Сұхбаттасу нәтижелерімен барлық қабылдау емтихандары тапсырылғаннан кейін жеке кабинеттегі хабарлама арқылы танысуға болады.
6. Сұхбаттасу күні хаттама толтырылады (белгіленген нысан бойынша).
7. Хаттамалар мен келу парақтары қабылдау комиссиясына тапсырылып, Ұлттық тестілеу орталығына жіберіледі.

II. Докторантураға қабылдау тәртібі

1. Білім беру бағдарламасы тобының бейіні бойынша емтиханның бірдей көрсеткіштері болған жағдайда, докторантураға қабылдау кезінде сұхбаттасу бағасы жоғары үміткерлер басым құқыққа ие болады.
2. Сұхбаттасу бойынша бірдей көрсеткіштер болған жағдайда, білім беру бағдарламасының профиліне сәйкес келетін келесі ғылыми жетістіктер ескеріледі: соңғы 5 жылда Clarivate Analytics компаниясының Web of Science

дерекқорларына кіретін рейтингілік ғылыми басылымдарда, Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті басылымдарында ғылыми жарияланымдар; ғылыми әзірлемелер туралы куәліктер; ғылыми стипендиялар, гранттар тағайындау туралы куәліктер; ғылыми конференциялар мен байқауларға қатысқаны үшін мақтау қағаздары/дипломдары.

Докторантура білім беру бағдарламалары бойынша сұхбатқа
КЕЛУ ПАРАҒЫ

Факультет _____

Білім беру бағдарламалары тобы _____

Күні _____

Уақыты _____

№	Талапкердің аты-жөні	Келді / Келмеді

Комиссия төрағасы _____ аты-жөні

Комиссия хатшысы _____ аты-жөні

Докторантура білім беру бағдарламалары бойынша сұхбаттың
хаттамасы № _____

Факультет _____

Білім беру бағдарламалары тобы _____

Күні _____

Уақыты _____

Қатысты:

Комиссия төрағасы

Комиссия мүшелері

Талапкердің аты-жөні _____

Сұрақтар:

1. Уәжділік (1-5 балл) _____

2. Зерттеу күзiреттiлiгi (1-10 балл) _____

3. Креативтiлiк (1-10 балл) _____

4. Коммуникативтiлiк (1-5 балл) _____

Талапкер қабылдау емтихандарына _____ баллмен жiберiледi

Комиссия төрағасы _____ ФИО

Комиссия мүшелері _____ ФИО

_____ ФИО

_____ ФИО

_____ ФИО

Комиссия хатшысы _____ ФИО